

Шыршықтағы шамшырақ



Суретті түсірген – Асият МАНДИ, «БЭ»

Ташкентке келіп тұрып, әлемнің әйгілі баскетболшысы мен билекті боксшыларына бесік болған Табақсайға соқпай кету орынсыз, әрине. Ал астана мен ауылдың арасындағы қазақтар көп шоғырланған Шыршық шаһарын бір шарлап шықпасақ тіпті әбестік емес пе? Осындай ізгі ниетпен Шыршық өзенінің бойында орналасқан еңселі нимараттың алдына келіп тоқтадық. Бұл – Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті. Жоғары оқу орнындағы қазақ бөлімінде болашақ ұстаздар білім алып жүр. Біздің іздеп келгеніміз де – осы.

Фархат КАЙРАТУЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Ташкент төңірегіндегі оқуға келген қазақ жастарының басын біріктіріп отырған білім ордасына кіреберісте іздеген адамымызбен де бетпе-бет ұшырастық. Ол университеттегі қазақ бөлімін

басқаратын Өсербай Байқабылов еді. Ағамыз амандық-саулықтан соң түкпірдегі кабинетке қарай бастай жөнелді. Бөлме іші ұлттық нақышта безендірілген. Қабырғаларына Абай, Ыбырай бастаған айтулы қазақтардың суреттері ілінген. Аса бір көп болмаса да, қазақша кітаптар

қойылған сөрелер ұқыптылықпен жиналған. Әйтеуір кабинет ішінен қазақылықтың исі аңқып тұр. «2019 жылы университет ректоры Ғафуржан Мұхамедовтің және гуманитарлық пәндер факультетінің деканы Равшан Икрамовтың ұйғаруымен Достық орталығы ашылған-ды. Соған орай қазақ, тәжік және орыс ұлттарына арнайы кабинет берілді. Мұнда оқудан тыс уақытта ұлттық құндылықтарды насихаттап, салт-дәстүрді дәріптейміз. Көбіне практикалық және сәйкес сабақтарын осында өткіземіз. Мұнда келіп қазақша газет-кітап оқитындар да жетерлік», деді Өсербай аға.

(Соңы 10-бетте)

Шыршықтағы шамшырақ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Сөйтсек, Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінің құрылғанына да көп бола қоймапты. 2017 жылы педагогикалық институт ретінде іргесін көтерген білім ордасы осыдан екі жыл бұрын университет мәртебесін иеленіпті. 2019 жылы қазақ бөлімі ашылған.

— 2018 жылы институтта бастауыш және мектепке дейінгі білімнің қазақша сыртқы бөлімі ашылды. Бір жылдан кейін қазақ тілі және әдебиеті, бастауыш білім және спорт, мектепке дейінгі білімнің күндізгі бөлімдері жұмысын бастады. Қазақ тілі мен әдебиеті тек күндізгі бөлімде оқытылады, әрі магистратурасы бар. Ал қалғандарында сыртқы

камына кірісіп кеткен. Әуелде алған мамандығына қоса өзбек тілі, орыс тілі, тарих, география секілді пәндерді меңгеруге дең қойған. Бұл бір ғана Шыршықтағы жағдай емес. Жалпы, елдегі ахуал осындай. Республикада қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мамандарын даярлайтын алты жоғары оқу орны бар. Олар — Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті, Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті, Гүлістан мемлекеттік университеті, Науаи мемлекеттік педагогикалық институты, Бердақ атындағы Нөкіс мемлекеттік университеті, Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты. Бұларды тәмамдаған студенттердің бәрине бірдей жұмыс табы-

Қазақ бөлімі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетімен, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен, басқа да оқу орындарымен тығыз байланыс орнатқан. Айталық, былтыр Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде болып, тәжірибе жинап қайтыпты. Биыл Шыршықта М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің филиалы ашылғанын да атап өткен жөн. Мұнда техникалық мамандықтар қазақ, өзбек, орыс тілдерінде оқытылады. Жалпы, бұл қалам жергілікті қазақ жастарына үлкен мүмкіндік сый-

оқулықтардың электронды нұсқаларын алдырамыз. Екі ел арасына қатынаған студенттер қажетті еңбектерді өздері де ала келеді. Бірақ бұл қымбатқа түседі. Сол себепті көбінесе электронды оқулықтарды қағазға шығарып алып пайдаланамыз», дейді қандасымыз.

— Өлбетте, Қазақстан — біздің атамекеніміз. Бір бүйіріміз үнемі бұрып тұрады. Өзбекстанда туып, өмір сүріп, ана тілімізде сөйлеп, білім алып жатырмыз. Салт-дәстүрді, қазақы құндылықтарды ұмытқанымыз жоқ. Мұның барлығы — екі ел арасындағы ынтымақтың жемісі. Тараптар арасындағы дипломатиялық байланыстардың одан әрі нығайып жатқанына куәміз әрі қуаныштымыз. Дегенмен белгілі бір

қажетті кітаптарды атажұрттан алып келейік деген тілек айтады. Бірақ оны шекарадан алып өту де оңай емес, мұның өзіндік заңдылықтары, талаптары бар. Әрбір екі студентке бір оқулықтан тисе де жаман болмас еді. Ал қазір 30 студент екі оқулықпен оқып жүр. Бұл дұрыс емес, әрине. Осы тұрғыдан да көмек көрсетілсе, нұр үстіне нұр болар еді. Сондай-ақ қазақтың біркелкі ұлттық киімдерін де сыйға тартса, зор ризашылықпен қабылдар едік», деді ол.

Қазақ бөлімінде жұмыс істейтін оқытушылардың бәрі Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетін тәмамдаған. Өсербай Байқабылов бұл оқу орнын 1995 жылы бітірген. 20 жыл өзі оқыған универ-

Көкпар ойнап, ұлттық ойынды насихаттауға атсалысып жүр. «Электронды кітаптарды оқу денсаулыққа зиян. Сондықтан қазақша әдеби кітаптар керек-ақ. Мұндағы студенттердің барлығы дерлік кітап оқуға құштар. Кейде өз ішімізде кітап оқу байқауларын да ұйымдастырып тұрамыз», дейді ол.

Ал университеттің екінші курсына оқитын Дастан Медетбекұлы — ақынжанды азамат. Ол бізге тіл туралы толғауын тебірене оқып берді. Бірінші курстың студенті Сұлтан Сәкенұлы Бостандық ауданы Абай ауылында дүниеге келіпті. Ол Өзбекстанда ана тілімізде білім алуға жағдай жасалғаны қазақ жастарына берілген зор мүмкіндік екенін алға тартты. Шыршықтағы



және күндізгі бөлімдерде оқуға мүмкіндік қарастырылған. Ташкент төңірегіндегі қазақтардың көптігін ескере отырып университет басшысы Ғафуржан Мұхамедовтің бастамасымен ашылған қазақ бөлімі биыл алғашқы түлектерін түлетіп шығарды. 19 студент төрт жыл білім алып, өмірдің кезекті бір сатысына қадам басты. Олардың дені тұрақты жұмысқа орналасты. Биыл бірінші курста 30 студент қабылданғанын да айта кетейік. Екінші курста – 30, үшінші курста – 40, төртінші курста 29 студент білім алады. Бұған қоса Мемлекет басшысының шешімімен биыл Қарақалпақстандағы қазақ жастарына арнайы квота бөлінді. Соның аясында қатарымызға 7 студент келіп қосылды. Жалпы, қазақ бөліміне жыл сайын 5 грант бөлінеді. Қалғаны ақылы негізде оқиды. Осы жылы грант саны 10-ға жетті, – деді Өсербай Байқабылов.

Қазақ жастарының білім алуына мұндай тамаша мүмкіндіктің берілгені жақсы-ақ, әрине. Бірақ жергілікті мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәндері қысқартуға ұшыраған. Яғни сағат саны тым аз. Бір мектепке екі мұғалім жетіп артылады. Сондықтан университеттің қазақ бөлімін тәмамдағандардың біразы қосымша екінші мамандықты игерудің

ла қоймайды. Мектептердегі сағат саны жыл өткен сайын қысқарып барады. Ал жоғары оқу орындарын бітірушілердің үлесі жоғары. Өкінішке қарай, техникалық мамандықтар қазақ тілінде оқытылмайды. Тек гуманитарлық мамандықтарды ғана қазақша оқуға мүмкіндік жасалған.

Мектептерде қазақша оқулық жетіспейтінін де атап өткен жөн. Сол себепті университеттегі оқытушылар негізгі жұмыстарымен қоса оқушыларға әрі студенттерге арнап оқулықтар жазуға мәжбүр. Бұл іске жергілікті зиялы қауым өкілдері де жұмылдырылған. Мәселен, бізбен диалогтасқан Өсербай Байқабылов Өзбекстанның білім стандарты негізінде өзге де авторлармен бірге 5 және 6-сыныптарға арнап қазақ тілі оқулығын жазған. «Қазақстан осыдан бірер жыл бұрын оқулықтарға қатысты ұлттық бағдарлама қабылдады. Сол бағдарлама бізге енді келіп жатыр. Сондықтан бұған дейін жазған оқулықтар жарамсыз болып қалды. Енді ұлттық бағдарламаға сәйкестендіріп жаңасын жазып шығу керек. Бұйыртыса, санаулы күндерден кейін осы іске кірісеміз. Бұл жолы оқулықта теорияға емес, мәтінмен жұмыс істеуге басымдық беріледі», деп нақтылады ол.

Әйткені жастардың бәрі гуманитарлық бағытты таңдай бермейді. Техникалық мамандықтарға жақын қыз-жігіттер де көп. Мәселен, биыл Өсербай Байқабылов та перзенті Әуезов университетінің филиалына оқуға түскенін айтты.

Бүгінде Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінің қазақ бөлімінде Өсербай ағамен қатар PhD Жандос Байзақов, оқытушы Нұркелді Жарсабаев, магистратураны бытыр тәмамдаған Гүлжан Анарбекова дәріс береді. Өкінішке қарай, студенттерге де қазақша оқулықтар жетіспейді. Бірақ мұндағы оқытушылар оқулық жетіспейді екен деп қарап отырған жоқ. Қал-қадірінше қам-қарекет жасап жатыр. Айталық, бізбен сұхбаттасқан Өсербай Байқабыловтың «Мәнерлеп оқу және тіл мәдениеті»; «Қазіргі қазақ әдеби-тілі», «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың заманауи технологиялары мен тәсілдері»; «Тіл білімі негіздері»; «Қазіргі қазақ тілінің жаттығулар жинағы» секілді оқулықтарын студенттер күнделікті сабақта пайдаланады. Бұған қоса жақында «Стилистика» деген оқулықта студенттердің қолына ти-мек. «Несін жасырамыз, оқулық жоқ. Сондықтан өзіміз жазуға тырысамыз. Қазақстаннан

ныштымыз. Дегенмен белгілі бір деңгейде Қазақстан Үкіметінің қолдауына да зәру екенімізді айта кеткеніміз жөн. Мәселен, жастардың көкірек көзін ашып, ақыл-ойын дамытуға, білімін әрі қарай жетілдіруге қазақша газет-журналдар қажет. Өзбекстанда қазақша бір ғана басылым – «Нұрлы жол» газеті шығады. Атажұрттағы «Egemen Qazaqstan», «Ana tili», «Қазақ әдебиеті» секілді газеттер де үздіксіз келіп тұрса дейміз. Ондағы рухани дүниелерді студенттердің бойына сіңірсек деген ниетіміз бар. Әзірше аталған басылымдарды Қазақстанға барғанда жинап-теріп ала келеміз. Одан бөлек, Ташкенттегі Қазақ мәдени орталығынан аламыз. Газеттерді студенттер практикалық сабақта жиі пайдаланады, көмегі көп, – деді Өсербай аға.

Сондай-ақ ол Қазақстан Үкіметі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына арналған оқулықтармен қамтуға жәрдемдесе деген тілегін жеткізді. «Оқулықтарды өзіміз жазуға мәжбүрміз. Бірақ біздің дүниелерді атажұрттағы белгілі ғалымдардың еңбектерімен салыстыруға келмейді. Біздікі жоқтан бар жасаудың амалы ғана. Оқулықтарды Өзбекстан білім стандартына лайықтап жазамыз ғой, бірақ негіз ретінде Қазақстан авторларының еңбектерін пайдаланамыз. Кейде студенттер

ген. 20 жыл өзі оқыған университетте, екі жыл Хампақа білім беру министрлігіне қарасты республикалық білім орталығында жұмыс істеген. Шыршықтағы университет ашылған соң арнайы шақырумен осында ауысқан.

Университетке сабақ аяқталар шақта келсек те, қазақ бөлімінің бірнеше студентімен диалогтасудың сәті түсті. Бізбен тілдескен ұл-қыздардың көздерінде от, сөздерінде жалын бар. Мәселен, қазақ бөлімінің төртінші курсында оқитын Диана Әбдімомынова Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы достық қарым-қатынастың нәтижесінде қазақ тілінде білім алуға жағдай жасалғанына қуанышты екенін айтты.

– Орта мектепті Жоғары Шыршықта қазақша тәмамдадым. Университетті де ана тілімде оқып жатырмын. Алла қаласа, білімімді осы жерде магистратурада жалғастырығым келеді. «Отандастар» қоры арқылы Қазақстанда өтетін түрлі байқауларға қатысып тұрамын. Бізді қатардан қалдырмай, бітім нәрімен сусындатып жатқан университеттегі ұстаздарымызға ризамыз, – дейді Диана.

Нұркелді Манабаев та белсенді студенттердің бірі. Университеттің төртінші курсында оқитын ол – Бостандық ауданы Шакшам ауылының тумасы.

екенін алға тартты. Шыршықтың Нұрсұлтан Нұридинов универси-тетке дейін колледжде білім алған, түрлі зауыттарда жұмыс істеген. Кейін оқу жолына түсіпті. «Заман білімдікі. Сондықтан қай кезде болсын оқуға ұмтылу қажет! Бізге осындай мүмкіндік берілгеніне қуаныштымыз», дейді ол.

– Біздің қоғамда «қазақ тілі жойылады», «қазақ мектептері жабылады» деген түсінік қалыптасып қалған. Сондықтан шығар қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне түскенде таныстарымның біразы қынжылыс білдірді. Егер шынымен де дәл осындай түсінікті ұстанып, қазақ тілі мен әдебиетінен іргемізді аулақ сақсақ, тіл жойылып, мектеп жабылмағанда қайтеді. Ал мен бұлай болғанын қаламаймын. Сол себепті дәл осы мамандықты таңдадым, – дейді бірінші курстың студенті, Бостандық ауданының Қараманас ауылында туған Серік Досжанұлы.

Табақсайға барар жолда бір сағат аялдап, Шыршық шамшырағында бар көргеніміз осы. Ал көкейге түйгеніміз көл-көсір әлбетте. Шамшырақ дедік қой, қазақ ұғымында бұл – сөнбейтін жарық. Ендіше Шыршықтағы шамшырақ сөнбесін деп тілейік.

АСТАНА – ТАШКЕНТ – ШЫРШЫҚ – ТАШКЕНТ – АСТАНА

